

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Көнеден жеткен - жетіген"

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.11.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/147145/

| | | | | |
|---|--|-------------------|---------------------|-----------|
| Бөлімі | Уақыт | | | |
| Педагогтің аты жөні: | А.Айбекова | | | |
| Күні: | | | | |
| Сынып: | 3 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Көнеден жеткен жетіген | | | |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары: | 3.1.1.1 - тыңдалған әуеннің сипатын, мазмұнын, жанрын көркемдеуіш құралдарын анықтау және салыстыру 3.2.1.1 - музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсыну | | | |
| Сабақтың мақсаты: | музыкалық форманың құрылымын анықтайды, музыкалық шығармашылық жұмыстар жасау үшін өз идеясын ұсынады | | | |
| Сабақтың барысы: | | | | |
| Сабақтың кезеңі (уақыты) | Педагог әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |

| | | | | |
|-----------------|---|---|--|---|
| Сабақтың басы | <p>Сәлемдесу. Үш тілде сәлемдесу. Ұйымдастыру кезеңі: «Додокадэр» арқылы өткен сабаққа шолу жасау. Дауыс жаттығуын жасау. «Мәңгілік ел жастары» әнін бірге орындайды</p> | <p>Оқушылар музыка арқылы сәлемдеседі. «Додокадэр» лақтырып, әр оқушы тура келген сұрақтарға жауап береді Дауыс жаттығуын жасап, әнді орындайды Тақтада берілген сөздерден сабақтың тақырыбын құрап, анықтайды</p> | <p>«Жапондық бағалау» әдісі</p> <p>«Өзін-өзі бағалау» әдісі</p> | <p>Додокадэр</p> <p>ұнтаспа</p> |
| Сабақтың ортасы | <p>Жаңа сабақ Миға шабуыл «Адасқан сөздер» 1 тапсырма. Тыңдау және талдау Жетіген аспабымен танысыңыз. Жетіген аспабы туралы аңызды көрсетіп, аспап туралы түсіндіру Жетіген аспабының шығу тарихымен таныстыру. Жетіген аспабының ескі түрі мен жаңа жетілдірілген түрін қарап, оны ажыратыңыз. — Қалай ойлайсың, уақыт музыка аспаптарының үніне ерекше үн бере ала ма? Неге? — Ескі түрі мен жетілдірілген түрлерінің өзара айырмашылықтары бар ма? Қандай? Атап шық. Мұғалім жетіген аспабының шығуына байланысты аңызды баяндайды. Оқулықта аңыздың қысқа желісі берілген. Қазақ халқы музыкалық аспаптарға бай. Солардың бірі – көнеден келе жатқан жетіген аспабы. 2-тапсырма. Музыка тыңдау және талдау. Музыка тыңдауға Н. Тілендиевтің «Аққу» күйі жетіген аспабының домбыра аспабының орындауында тыңдатылады. Аққудың бейнелілік сипаты күйде ерекше берілген және оны жетіген аспабында орындау да оқушылардың қызығушылығын арттыра түседі.</p> <p>«Сұрақ ілмегі» әдісі. Оқушыларға берілетін сұрақтар да осы қажеттіліктен туындаған. – Жетіген аспабы судың сылдыры, қамыстың сыбдыры, аққу үнін, қанат қағыстарын қаншалықты жеткізе алды? – Күйден алған әсеріңмен бөліс. 3-тапсырма. Зерттеу. Оқушылар зерттеу жұмысына тартылады. Оқулықта зерттеу жұмысының талаптары көрсетілген «Көнеден жеткен аспаптар» атты зерттеу жұмысы Хабарлама талаптары: Аспаптың пішініне (формасына), орындау түріне тоқталу. Көне және жаңа аспаптың ерекшеліктерін атау.</p> <p>Сергіту сәті «Ритмикалық қимыл» 4-тапсырма. «Ақиқат, жалған» әдісі Дәптермен жұмыс Оқушыларға тест парақшалары беріледі, дұрыс жауаптарын белгілеу ұсынылады</p> <p>5-тапсырма Орындау Халық әні «Балапан қаз»</p> <p>Кері байланыс «Мен не білдім? — Бүгін мен не үйрендім? -Мен үшін қандай тапсырма қиын болды? -Ал қай тапсырманы мен оңай орындадым</p> | <p>Оқушылар өз ойларын ауызша жеткізеді және жаңа сабаққа назар аударып, берілген сұрақтарға жауап береді, сұрақтарға жауап береді</p> <p>Бейнетаспадан және ұнтаспадан «Аққу» күйін тыңдап, екі күйдің ұқастығымен айырмашылығын ажыратады</p> <p>кестеде берілген аспап түрлерін таңдайды және сол аспапқа байланысты хабарлама дайындайды. Оқушылар үш топқа бөлінеді. Топтық жұмыстарын қорғайды</p> <p>Оқушылар сұрақтардың ақиқат, жалған екенін анықтап, бірін-бірі бағалайды Оқушылар халық әні</p> <p>«Балапан қаз» әнін ұнтаспамен бірге орындайды</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы кері байланыс жасайды</p> | <p>Дескриптор нәтижесінде «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалау</p> <p>Мақтау мадақтау</p> <p>Фигуралар арқылы бағалайды</p> | <p>Ноутбук</p> <p>Баян аспабы</p> <p>Оқулық</p> <p>Домбыра аспабы</p> |
| Сабақтың соңы | | | | |

ҚМ АА Күәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.